Габдуллину Б.К.
Ураимовой А.Н.
для работы

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

27 қаңтар 2026 жыл №1112-25-00-2/3563 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Е.Исенова,
Сот отырысының хатшысы А.С.Жеребенко-Волосниковаными отыруымен,
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспанов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Бауыржан Курмангазыевич Габдуллин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ: :

2025 жылғы 6 қазанда Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ММ, Тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспанов (бұдан әрі - ЖШС, Өнім беруші) арасында шаруашылық тауарларын жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №311 шарт жасалды (төбелік жарықдиодты шам 72 вольт d40 см, қашықтан басқару пультімен). Төбелік дөңгелек LED диодты шам, режимдер саны 4, шамдар саны 1, плафон материалы акрил, қуаты 72 Вт, жарық ағыны 7200 Лм, кернеуі 200В, қорғаныс дәрежесі IP20, жарық беруі - бейтарап ақ, пішіні шеңбер тәріздес, плафон түсі ақ, тақтайшаны бекіту - өздігінен бұрап тұратын бұрандалар (бұдан әрі - Шарт).

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 03.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Исенова К. Е., 05.03.2026
1112-25-3-1/3533
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ... ӘКІМДІГІНІҢ
«ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ»
№ 282
«07» 04 2026 ж.

Шарт Қазынашылық органдарында 2025 жылғы 6 қазанда тіркелді.

Шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін көзделген.

Жауапкер міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді 2025 жылғы 21 қазанда енгізді.

Жалпы сомасы - 40, 878 теңге.

Тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 21 қазаннан кешіктірмей көзделген.

2025 жылғы 8 желтоқсанда жауапкердің міндеттемелерді орындамауына байланысты Тараптар арасындағы шарт бұзылды.

Талап қоюшы сотқа жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен жүгінді. Талаптарын жауапкердің тауарды жеткізбегендігін, соның салдарынан міндеттемелер орындалмағанымен уәждейді.

Жауапкерден қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдады.

Жауапкер сот отырысын өткізу күні мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғандығына қарамастан, сот отырысына қосылмаған.

Сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды, сот отырысына оның келмеуін құрметтемеушілік деп тануды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ :</u>

Кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді (АК-нің 458-бабы).

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағының 4) тармақшасымен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 03.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Исенова К. Е., 05.03.2026
1112-25-3-1/3533

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады (АК-нің 401-бабы 2-тармағы).

Заңның 3-бабының 14), 20), 21) тармақшаларында мемлекеттік сатып алу – тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнаулы мемлекеттік қордан бөлінген ақша және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы көзделген.

Сот тараптар арасында тауарды жеткізу шарты жасалғанын анықтады, оның талаптарына сәйкес жауапкер пультпен қосылатын 72 вольтті d40 см төбелік жарықдиодты шамды жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдаған. Төбеге арналған дөңгелек LED диодты шам, режимдер саны 4, шамдар саны 1, плафон материалы акрил, қуаты 72 Вт, жарық беру ағыны 7200 Лм, кернеуі 200В, қорғаныс дәрежесі IP20, жары беруі бейтарап ақ, пішіні шеңбер тәріздес, плафон түсі ақ, тақтайшаны бекіту - өздігінен бұрап тұратын бұрандалар.

Алайда, істің мән-жайларынан көрініп тұрғандай, Өнім беруші Тапсырыс берушінің атына тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамаған.

Ал шарттың 1.1-тармағында: Өнім беруші тауарды осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші тауарды қабылдауға және Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары бойынша ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағының 1), 9) тармақшаларына сәйкес Өнім беруші:

1) шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндетті;

9) веб-портал арқылы Тапсырыс берушіге электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларындағы 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардағы ел ішіндегі құндылық туралы есепті ресімдеуге және жіберуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 03.02.2026

1112-25-3-1/3533

Шарттың, сондай-ақ техникалық ерекшеліктің талаптарында көзделген мерзім 2025 жылғы 21 қазанға дейін (шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күн) көрсетілген.

Жауапкер тауарды жеткізгені туралы дәлелдемелер ұсынған жоқ.

Сондай-ақ, өнім беруші Шарттың талаптарын орындауда кінәсінің жоқтығы туралы ешқандай дәлелдеме келтірмеген, ал АПК-нің 72-бабының бірінші бөлігіне сәйкес әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес, заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Сонымен қатар, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамады, осылайша шарттың елеулі талаптарын бұзды, ал талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылды.

Сотқа жауапкердің міндеттемелерді тиісінше орындау, сондай-ақ қабылданған міндеттемелерді адал орындау үшін барлық шараларды қабылдағанын куәландыратын жеткілікті дәлелдемелер ұсынылмаған.

Талапкердің талап арызбен жүгіну мерзімі өткізілмеген.

Осы талап бойынша сотқа жүгіну мерзімін талап қоюшы тарап жоғалтпаған.

Істің материалдары мен сотқа ұсынылған дәлелдемелерді зерттегеннен кейін сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылады деген қорытындыға келеді.

ҚАРАР БӨЛІМІ:

АПК-нің 223-226, 240, 243, 403-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспанов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

Жеке кәсіпкер Рустем Уразаевич Куспановтан мемлекет кірісіне 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 03.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Исенова К. Е., 05.03.2026
1112-25-3-1/3533

жөніндегі сот алқасына шешімнің түпкілікті нұсқасы шығарылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптары тәртібінде аппелляциялық шағым берілуі және (немесе) прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін.

Судья **К.Е.Исенова**

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 03.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Исенова К. Е., 05.03.2026

1112-25-3-1/3533